

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**
Заң институты
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Бекітемін
Академия бастығының
ғылыми жұмысы жөніндегі
орынбасары
полиция полковнигі
_____ О.Т. Сейтжанов
« _____ » _____ 2019 жыл

Пән бойынша
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН
**НТЕКФТҮОКАЕШН 2225«Халықаралық терроризм мен экстремизм:
қауіп-қатер факторлары, тарау тенденциялары мен оған қарсы әрекет
шаралары»**
«5В030300-Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

Оқыту түрі: күндізгі
курс: 2
семестр: 3
кредиттер саны: 1
дәрістер: 5 с.
семинарлар: 10 с.
КООЖ: 15 с.
КӨЖ : 15 с.
Емтихан: 3 семестр

Қарағанды 2019 ж.

«Халықаралық терроризм мен экстремизм: қауіп-қатер факторлары, тарау тенденциялары мен оған қарсы әрекет шаралары» пәнінің 5В030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған ОӘК

Құрастырғандар:

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы, полиция майоры
Ербақыт Мұхамедқалиұлы Баймұханов

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны
Самат Аппасұлы Асатаев

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды.

2019 ж. 11 маусымдағы № 19 хаттама

Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция майоры

Е.М. Баймұханов

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
ОӘК отырысында бекітілді

« ____ » _____ 2019 ж., № ____ хаттама.

2.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	5В030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	2 курс, 3-семестр
3. Пән циклы	ЖББП
4. Кредит саны	1
5. Сабақ өткізу орны	Кесте бойынша
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы полиция майоры Ербақыт Мұхамедқалиұлы Баймұханов. Тел:3-25
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы полиция капитаны Самат Аппасұлы Асатаев. Тел:3-41

2.2. Пререквизиттері

Пәннің мазмұнына сәйкес теориялық білімді қалыптастыру, саясат проблемаларын зерттеу барысында алынған білімді тәжірибе жүзінде бекіту, саяси ғылымдағы проблемаларға байланысты жүргізілген ғылыми зерттеулерді талдау әдістерін үйренуі және меңгеруі.

2.3. Постреквизиттері

Халықаралық жария құқығы, Қылмыспен күрестегі халықаралық ынтымақтастық

2.4. Пәннің қысқаша сипаттамасы

Саяси және діни экстремизм мен терроризм және оған қарсы әрекет шаралары оқу тәртібінің мақсаты мен міндеттері Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының күндізгі оқыту факультеті курсанттарына мемлекеттік, конституциялық құрылымға, егемен Қазақстанның демократиялық институттарына тікелей, нақты қауіп тудыратын құбылыс туралы дұрыс түсініктерін жеткізіп арнайы «террология» деп аталатын білім беру. Экстремизм мен терроризм өн бойына әртүрлі саяси және діни реңктерін (оттенки) сақтай отыра қазіргі уақытта әлемдік тәртіп пен қалыпқа ықпал ететін кері факторлардың бірі болуда. Интернационалды сипат ала отыра экстремизм мен терроризм әлемнің қарқынды дамуына кедергі болып, қазіргі өркениетте жалпыадамдық құндылықтарға қарсы тұрады.

Осындай жағдайларда азаматтардың мүдделері мен өмірлерін, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғауда кепіл бола алатын ішкі істер органдарының, арнайы қызметтердің орны арта түседі.

Осыған орай лаңкестікке қарсы қызметтің халықаралық деңгейінде өзекті болуына алдымен ұлттық өлкелерде және жалпы әлемде тұтас құқықтық экстремизм мен терроризмге қарсы бағытталған орта құрудың қажеттігі әлемдік қоғамға мәлім. Лаңкестікке қарсы қызмет бабында аналитикалық жұмыстың маңызы ерекше, өйткені бүгінгі әлем мәселелерінің саяси аспектілерін табудың жолы жан-жақты талдау жұмыссыз мүмкін емес.

Пәннің міндеттері:

Аудиторияны дидактикалық және әдістемелік тапсырмалармен таныстыру:

-террорологиямен, саяси және діни экстремизм мен халықаралық терроризм жөніндегі қазіргі білімді жетілдіру;

-халықаралық саяси және антитеррорлық қызметті құқықтық реттеу, феноменді әдістемелік жағынан зерттеу, оны халықаралық заңдар мен халықаралық қатынастар жігіне топтастыру ерекшеліктерімен;

-БАҚ пен мемлекет арасындағы байланыстарды қалыптастыру және медиакеңістікті мемлекеттік реттеу ерекшеліктерімен;

-антитеррорлық шараларды өткізу барысындағы ПО БАҚ-пен өзара іс-әрекет өзгешелігімен;

-халықаралық экстремизм мен терроризмді зерттеу әдістерімен және қазіргі мүмкіндіктер түрімен.

Қалыптасқан жағдайда ұлттық және өңірлік қауіпсіздіктің субъектілерінің рөлі мемлекеттің конституциялық құрылымының және азаматтардың құқықтары мен өмірінің қорғау кепілдігі ретінде өте зор.

Нұрсұлтан Назарбаевтың Евразиялық идеясымен өңірлік даму концепциясы да лаңкестікке қарсы қызметте ерекше орын алып отыр. Өйткені евразиялық және орталық Азиялық қауіпсіздік жүйесін құру бабында атаған концепциялар тікелей қатысты.

Дидактикалық және методикалық міндеттер көлемінде аудитория тыңдаушылары саяси және діни экстремизм, халықаралық терроризм негіздерімен тәуелсіз бүгінгі білімнің саласы ретінде танысады. Және де академия курсанттары халықаралық терроризмді зерттеу методологиясымен танысады, терроризмге қарсы қызмет бабында халықаралық саяси және құқықтық реттеу механизмдерін біліп таниды.

Бүгін әлем реттеу бағытында халықаралық ұйымдастырылған қылмысқа қарсы күрестің мәні өте зор. Өйткені, халықаралық терроризм мен халықаралық ұйымдастырылған қылмыс бірігіп көлеңкелі экономиканың басы болып, миллиардтаған ресурстарды өз қолдарында шоғырландырып, ресми мемлекеттік принциптеріне қауіп тудырып отыр. Соған бағытталған шара-әрекеттерді айырып білу.

Аталған курстан кейін академия курсанттары қабылдаған білімдерін саяси және құқықтық ғылымдарының тарихы, халықаралық қатынастар мен халықаралық құқық, саясат әлеуметтануы, мемлекет және құқық теориясы, дін тану оқу пәндері көлемінде пайдалана алады.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Орындау мерзімі	Бақылау түрі	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Семинар сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	Семинар сабақтарының жоспарына сәйкес	Семинар сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КОӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
2	КОӨЖ сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	КОӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КОӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар және КОӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар және КОӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КОӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
3	Межелік бақылауға дайындық	сабақтардың жоспарына сәйкес	Сабақтарға дайындалу үшін ұсынылған	Курсты оқу барысындағы	Тестілеу немесе коллоквиум (100%	Межелік бақылау	семестрдің 7 және 14 аптасы

			әдебиеттерді қолдану	сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	дейін)		
4	Реферат, эссе жазу, слайд-проект дайындау	КӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Реферат қорғау (100% дейін)	Үй жұмысы/ КӨЖ тексеру	Семинар сабақтары мен КӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға дайындық	Курсанттардың пән бойынша қорытынды білімдерін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімімен сәйкестігі	Барлық оқу процесі аралығындағы дайындық	Қорытынды бақылау	Қорытынды	Курс аяқталғаннан кейін емтихан кестесін сәйкес өтеді

2.6. Курс саясаты:

Негізгі талаптар:

Сабаққа кешікпеу

Сабақтарды себепсіз босатпау

Оқу процесіне белсенді қатынасу

Сабақ кезінде сөйлеспеу, газет, журналдарды оқымау

Ұялы телефонды қолданбау

Берілген тапсырмаларды уақытында орындау

2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ п/ п	Автор және атауы	Шыққан жылы мен жері
1. Нормативтік-құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы.	30.08.1995 ж. (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2	«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 10.01.2018 ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.	Астана. 2018 ж.
3	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты 12.04.2017 ж. мақаласы.	Астана. 2017 ж.
4	«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 05.10.2018 ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.	Астана. 2018 ж.
5	«Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа үндеуі. 05 наурыз 2018 ж.	Астана. 2018 ж.
6	Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. 21 қараша 2018 ж.	Астана. 2018 ж.
7	Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №897 қаулысы.	Астана. 2018 ж.
8	Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңы.	Астана. 2002 ж. (2019.15.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
9	Қазақстан Республикасының «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Заңы.	Астана. 2011 ж. (2016.22.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
10	Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы күрес туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы Заңы.	Астана. 2005 ж. (2016.28.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

11	Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы күрес туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы.	Астана. 1999 ж. (2018.12.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
12	Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығы.	Астана. 2013 ж.
13	Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 124 жарлығы.	Астана. 2018 ж.
2. Негізгі әдебиеттер		
1	Н.Ә. Назарбаев. Тарих тоғысында.	Қарағанды. 1999 г..
2	Экстремизм мен терроризм типологиясы, тарау тенденциялары мен қауіп-қатер факторлары.	Қарағанды. 2013 ж.
3	Манфред А.З. Великая французская революция.	Москва. 1989 г.
4	«Қазақстан-2050» даму стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.	Егемен Қазақстан 2012 жыл.
5	Политология. Учебник для студентов высших учебных заведений. Под общ. ред. А. Н. Нысанбаева.	Алматы. 1998.
6	Фрейд З. Психология масс и анализ человеческого «Я».	Алматы. Жеті жарғы, 2008.
7	Замковой В., Ильчиков М. Терроризм – глобальная проблема современности.	М., Гардарика, 1996, с.5.
8	Панова Н.Ю. Терроризм и террор в России XIX- начале XX века: понятие и сущность.	Москва. Аспект Пресс, 2010
9	Баймуханов Е. М. Терминологический словарь по дисциплине "Политология"/ Е. М. Баймуханов;	Караганда: КА МВД РК, 2012.
10	Шалабаев Ж. А. Политико-культурная основа национальной безопасности: Учебное пособие / Ж. А. Шалабаев.	Караганда: КВШ КНБ РК, 1999
11	Шалабаев Ж.А. Международный терроризм и экстремизм.	Palgrave Macmillan. 2007.
12	Шалабаев Ж.А. Феномен экстремизма и терроризма в современных условиях и	КЮИ МВД РК. – Караганда, 2010.

	политико-идеологические аспекты обеспечения национальной безопасности Республики Казахстан.	
3. Қосымша әдебиеттер		
1	Казахстанская политологическая энциклопедия/Под ред. Т.Т.Мустафина.	Алматы. 1998.
2	Политология в схемах и комментариях / Под ред. А.Тургаева. А.Хренова.	Москва. Спб.,2005.
3	Марченко М.Н., Мачин И.Ф. История политических и правовых учений.	Москва. 2011.
4	Современные демократические преобразования в Республике Казахстан/ Под. ред. Б.К Султанова.	Алматы. 2008.
5	Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности.	Алматы. 2011.
6	Абгарян Р.Э. Синчук Ю.В, Чашкин Б.Д. Политология и политическая теория. Учебно-методический комплекс.	М: 2010.
7	Б.Ғ. Нұрмағамбетов. Саясаттану.	Қарағанды. 2012 г.
4. Басылымға шығатын тізім		
1	Вестник КазНУ им.Аль-Фараби. Серия политология, философия, культурология..	
2	Журнал. Сравнительная политика.	
3	Личность. Культура. Общество.	
4	Международный научный журнал «Власть. Человек. Закон.»	
5	Шалабаев Ж.А. Террор и терроризм: проблема понятий и истоки явления. // Международный сборник научных трудов. Караганда, 2003.	
5. Интернет-көздері		
1	www.ihtik.lib.ru	
2	www.librari.ru	
3	www.bibliotek.ru	
4	www.caute.net.ru	

2.8. «Халықаралық терроризм мен экстремизм: қауіп-қатер факторлары, тарау тенденциялары мен оған қарсы әрекет шаралары» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылына сабақ жүргізуге арналған тақырыптық жоспары

№	Тақырып номері	Тақырыптың атауы	дәріс	семинар	тәжірибелік сабақ	КОӨЖ	КӨЖ
1	1	Халықаралық терроризм мен діни-саяси экстремизм: типологиясы, құбылыстың қайнар көздері мен қауіп-қатер факторлары.	1	2	-	3	3
2	2	Халықаралық ынтымақтастық – терроризмге қарсы қызметтің негізі ретінде.	1	2	-	3	3
3	3	Орталық Азия, ТМД елдеріндегі терроризм мен экстремизм және өңірлік қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру мәселелері.	1	2	-	3	3
4	4	Қазіргі әлемдегі экстремистік және террористік ұйымдар: негізгі мақсаттары мен қызмет бағыттары.	1	2	-	3	3
5	5	Ақпараттық қауіпсіздік және терроризмге қарсы шараларды іске асыру үрдісі бағытындағы ПО-ның БАҚ мен өзара әрекет мәселелері.	1	2	-	3	3
Жалпы:			5	10	-	15	15

2.9. Сабақ жоспары. Дәріс сабақтары

Дәрістердің тезистері:

**1-ші тақырып. Халықаралық терроризм мен діни-саяси экстремизм: типологиясы, құбылыстың қайнар көздері мен қауіп-қатер факторлары.
Дәріс – 1сағат**

Дәрістің жоспары (1 сағат):

1. Экстремизм мен терроризм: құбылыстың қазіргі феноменінің сипаттамасы мен тарихи аспектілері. Дефиниция (түсінік берудің) мәселелері.
2. Саяси, діни және этникалық экстремизм мен терроризмнің мәні мен өзгеше ерекшеліктері. Фундаментализм - әлем діндері мен секталарындағы дербес құбылыс ретінде.
3. Саяси, діни экстремизм мен халықаралық терроризмнің әлеуметтік салдарын бағалаудағы халықаралық көзқарастар.

Саяси экстремизм мен терроризм: негізі және ерекшеліктері. Көне грек философиясындағы лаңкестіктің анықтамасы. Саяси терроризмнің туы және оның қорқыныш орта құрастыруға арналған саяси мақсаттары. ХІХ-ХХғ.ғ. Ресейдегі терроризм. ХХғ. 70-ші жылдарындағы терроризм /Ирландия, Испания, Италия, Латин Америкасы, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері/. Діни және саяси экстремизм лаңкестік қызметінің идеологиялық негізі ретінде. Діни фундаментализм.

Ислам, иудаизм, христиан діндер құрылымдарындағы фундаментализм ерекше құбылыс ретінде. Этникалық лаңкестік: тарих және бүгінгі өркениеттің мәселесі /Орталық Азия, Түркия, Косово/.

Біз діни құндылықтар туралы білмейінше, халықтың мәдени тұтастығын қалыптастыруғы құндылықтар рөлін анықтай алмаймыз. Діни құндылықтар – ұлт үшін немесе жеке адам үшін қасиетті сенімдер жүйесі. «Дін – бүгінгі күні жалпы адамзат өркениеті мен мәдениетінің дамуына үлкен әсер етіп отырған әлеуметтік феномен деп айтуға толық негіз бар. Біздің еліміздің ерекшелігі біз көпэтностық, көптілді және көпконфессионалды болғандықтан, бүкіл посткеңестік кеңістікте сияқты, исламмен қатар басқа діндер де жаңғырып, дами бастады» [1, 77 б.]. Сондықтан қазіргі таңдағы дәстүрлі діндер мемлекеттің, елдің тұрақтылығын сақтауына негіз бола отырып, діни конфессиялары арасында рухани келісімді, халықтар арасындағы бірлікті нығайтуға себеп болады.

Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттылық құндылықтарды, конфессияаралық келісім, диалогты ғасырлар бойы әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін, сан алуан этностары мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды [2, 9 б.]. Діндер адамзат тарихында

ізгіліктің құралы болғаны анық. Бірақ саяси күштер дінді саясаттың құралы етіп алып, қатыгез саяси мақсаттарын жүзеге асырады. Технология мен ғылым дамыған кезде діни экстремизм деген ұғым жиі қолданылуда. Діни экстремизм дегеніміз – саяси күштердің өз мақсаттарына жету үшін дін атынан мемлекетке қарсы жасалған немесе бағытталған күресі. Сөйтіп, олар өз билігін орнатуға немесе айтқанын орындатуға ұмтылады. Дінімізді бұрмалап әртүрлі жаналықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, ділімізден, мәдениетімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халық арасында араздық, дұшпандық, жеккөрушілік, тасбауырлық тудырып, ынтымағынан, бірлігінен айырып, ұмыттырғысы келгені, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде жұмыс жасап жатқандығы – осының дәлелі. Сонымен қатар, көптеген діни ағымдардың пайда болуына байланысты, қоғамда кері саяси ұғымдардың пайда болуы, адамның сана сезімін улайтын, әлемдік діндердің атын жамылып теріс бағыт беретін діни секталардың экстремалды түрде қаптауы халыққа зиянын тигізіп жатыр.

Жалпы экстремизм мәселесі, оның түрлі көріністерінде, әлем бойынша өзекті тақырыпқа айналып отыр. Әлемдік тәжірибеде экстремизм әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни, экологиялық және басқа да өзекті мәселелерді шешу барысында әрбір қоғамда, мемлекетте жанданады. Қарап отырсақ, экстремизм экономикалық жақтан дамыған және саяси тұрақты елдерде де белең алады. «Экстремизмнің бірінші белгісі адамның надандыққа, көрсоқырлыққа негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды түрде талап етуі. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен ақиқи жағдайын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді. Экстремистердің екінші себебі, олардың ешбір қажеті болмаса да әр істе шектен тыс шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болады. Экстремистік көріністің үшінші түрі, сырт көзге байқалмайтын, адамдарға деген күдік пен сенімсіздіктен туады» [3, 45 б.]. Қазіргі уақытта ел мен ел, мемлекет пен мемлекет, адамдар арасындағы араздасу, бүліктердің туындау себебі жалған діндердің орын алуы басты себеп болып отыр.

Діни экстремизм – діни фанатизмнің шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылықтарын көрсету. «Діни экстремизм» әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарастарына сәйкес қайта құруға ұмтылады. «Діни экстремизм» – террористік іс-әрекеттердің туындауына себеп болатын саяси құрал. Жаһандану заманында «діни экстремизм» қанатын кеңге жайып, халықаралық деңгейге жетіп отыр. Қазіргі уақытта халықаралық экстремизм және терроризммен тиімді күресу үшін әлемдік қоғамдастықтармен біріге отырып жан-жақты күшейтуіміз керек. Бүкіл әлемдегі кез келген мемлекет бұл «қоғамдық қасіретке» қарсы күресті жеке жүргізу қиындыққа соғады. Сондықтан, 2006 жылы 8 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясы «Ғаламдық террормен күрес» стратегиясын қабылдады. Аталған құжатта БҰҰ-на мүше мемлекеттер экстремизм мен терроризмнің барлық пішіндерін бір жақты айыптайды, соған

қарсы тығыз ынтымақтастық арқылы әрекет етуге дайын екендіктерін көрсетеді. Елімізде «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 10-бабында: «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарымен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы өзара іс-қимылы» деп аталады. Соған қарап отырып, еліміз экстремизм мен терроризмге қарсы басқа мемлекеттермен бірігіп күресуге дайын екендігін көреміз. «Экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Олар қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Экстремистер адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады» [4, 213 б.]. Экстремизм және терроризм өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау мақсатында барлық мүмкіндіктерді пайдаланады, соның ішінде әлемде ең қымбат – адам өмірі, оның денсаулығы мен қоғамдағы күнделікті іс-қимылын жоюға дейін барады.

Діни экстремистік топтардың іс-әрекеттері төмендегідей көрініс табады:

1. Исламға (басқа дінге) үйрету деп экстремисттік идеялар таратылады;
2. Діни (исламдық) тәртіп үшін күресуге шақыратын топтар, партиялар ұйымдастырылады;
3. Билік жағынан қарсы әрекет жасалғанда жасырын жағдайға көшеді және өздеріне халықтық мүдделер үшін күресушілер тобын құрайды;
4. Басқа экстремисттік ұйымдармен тығыз байланыстар орнатылады және бірігеді, шет ел орталықтарымен байланыста болып және олардың көмегімен билікке қарсы джихад (соғыс) жариялайды.

Сонда байқап отырсақ, экстремизм мен терроризмнің шығу себептерін талдауы барысында саяси, экономикалық, әлеуметтік, этникалық, діни-конфессионалдық көзқарастары мен қайшылықтардың еркін соқтығысуында деуге болады.

Әлемдегі жаһандық мәселелерді шешу барысында күш біріктірмесек, бұл қауіп-қатер өсуі мүмкін. Осы кезде еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекеттің бірден-бір негізгі бағыты болып табылады.

Исламның қалыптасуының алғашқы жылдарынан бастап мұсылман теологтары мен құқықтанушылары (сонымен қатар, тарихнамалық және заңгерлік әдебиеттердің зиялы авторлары да) мұсылмандық мемлекеттің (халифаттың) экономикалық саясаты мен қауымның экономикалық іс-әрекеттеріндегі әртүрлі проблемаларға тап болып отырды. Бұл негізінен сол кезде тек дін болып қана қоймай, сонымен қатар, қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттің ресми идеологиясы болып табылған исламның тарихи тағдырының ерекшелігіне байланысты болды. «Әділетті халифтер» заманында ақ, өзінің аумағын үздіксіз кеңейтіп отырған мемлекеттің шаруашылық белсенділігін идеологиялық (исламдық) тұрғыда негіздеу өте қажет болды [5, 178 б.].

Қазіргі таңда ислам көбінесе нақты саяси мақсаттарға жетудегі әдіс-тәсілі ретінде қолданылады: жеке алған этникалық топтардың сепаратистік әрекеттерінің бел алуынан бастап антижүйелік көңілдерді өршітуге дейін

апарады. Ондағы қорытынды мақсат – билікке жаңа саяси күштің келуі. Бұл тенденцияның ең маңызды деген сәті болып саяси процестердегі руханияттың рөлі табылады. Яғни оның мемлекеттің саяси құрылымына өтуі немесе өтпеуі, сонымен қатар қандай да бір саяси құқықтық мектептің басшылық алуы. Ең қызығы, тарихтың өзі көрсетіп отырғандай, өзіне рухани және иоральдық функцияларды ала отыра, руханияттың саяси бөлігі билік жүйесіне өткен сайын мемлекет мақсаттарын қолдап оны уағыздаушы болып келеді, және бұл жағдайда Шарифат нормаларының бар болуы аса маңызды емес. Оған мысал ретінде Мысырдағы жағдайды алуға болады. Ондағы руханият елуінші жылдары «Мұсылман бауырлар» қозғалысының экстремистік қанаты, оның ішінде мынадай саяси ағымдар: «әл-Джихад», «ат-Такфир уа-әл хиджра» және анағұрлым сабырлы «Хизб-ут-тах-рир» - ды ресми сынға алды.

Сонда -ақ «Таблиғ жамағаты туралы толық ақпарат алу қиын. Бұл ағымның дінді таратудағы әдістері бұл ұйымның іс-әрекетін радикалдылыққа ұшыратуы әбден мүмкін. діни фанатизм бұл Қазақстандағы дінаралық татулыққа кері әсер етуі мүмкін. Діни ағымдардың жұмақ, тозақ, сот күні, ақырзаман туралы жиі еске салуы жастардың өмір мәндік ұстанымдарына және құндылықтық бағдарына кері әсер етеді. Сондықтан да, жаңа діни ағымдар ұстанымдарына жіті көңіл бөлу маңызды» [6, 168 б.] Туркиядағы исламның ерекшеліктері туралы сөз қозғайтын болсақ, оның елдегі саяси жағдайына маңызды әсер ететін күшті элементтерін атап өту жөн. Мысалы, суфийлік фактордаң үлкен саясатқа өте алмайтындығымен бөлек жеке радикалды элементтердің, ланцизм саясатына қарсылығы. Ресей зерттеушісі Г.И. Старченконың байқауынша, исламистер мен лацизм жақтаушылары арасындағы күрес, жаңа аспектілерге ие бола тұра, зайырлы Түркияның саяси өміріндегі ажырамас бөлігі болып табылады [7].

Ливияда 1969 жылғы революциядан кейін мемлекеттің қоғамдық және саяси климатын демократизациялауда ливиялық билік басындағылар ортодоксалды исламның мемлекеттік-құқықтық доктринадан кері бетбұру арқылы мемлекеттік құрылым мен қоғамдық құрылыстың кейбір мәселелері бойынша жоспар жолдамаларын құрды. Жаңа заманға джамихирийлік жүйені қалыптастыруда ливиялық басшылық мәні жағынан хараджиттердің позицияларына жақындаса түсті. Ал олар, өз кезегінде, бөлек жағдайда халифаттың, оның «қажеттігі» тезисіне қарағанда, «болу мүмкіндігі» жөнінде айтады. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасу процесі бұл мемлекетте ислам дінінің тектік-таптық құндылықтары негізінде жүзеге асырылады.

Ресей шығыстанушысы Л.Р. Полонская Үнді және Ауған мұсылмандары арасында тікелей байланысты қарастырады. Яғни оның айтуынша, Ауған мұсылмандарына XVIII ғасырдағы Солтүстік Үндістандағы Сеид Ахмед Барлеви қолбасшылығымен вахаббиттік қозғалыстың жандануы үлкен әсерін тигізді [8, 112 б.]. Сауд Аравиясындағы ислам радикализмі, негізінен, проамерикандық ориентацияның жоғарғы басшылар топтарында орын алуы. әсіресе мұсылман қауымының қарсылығы бұл жартыаралдағы американдық әскерлердің орналасуында болып табылады. Соған сәйкес 1994 жылы антибатыстық маргиналды топтың көшбасшылары шейх Сальман әл Ауда мен

Сафар әл Хавали тұтқынға алынған болатын. Таяу шығыстық тапшылық бойынша ең қолайлы саясат пен мемлекет ішіндегі қақтығыстар дамыған ханбалиттік саяси-құқықтық жүйесімен реттеледі. Исламның жан-жақты талқылауымен көрініс табуына қарамастан, заңды болып әсер етуші екі ағым ғана бар: сыртқы және ішкі. Екеуінің әсері саяси бағыттарда ішкі және сыртқы күштердің қатысуымен исламды радикализациялау және бұл факторды пайдалану болып табылады.

Мұсылман қауымында исламның позициясы өте күшті болуына байланысты ішкі фактор ретінде, руханияттың саяси бөлігінің позициясы; қоғамды деорталықтандыру және корпоративизациялау элементі бар суфизм және халықты біріктіру мен билікті орталықтандыруды жалпы және ыңғайлы нысан саясатты қалыптастыруды жақтаушылар, яғни исламды оның классикалық тұрғыдағы нысанға қайта келтіруді қолдаушылар арасындағы қарама-қайшылықтар. Оны көптеген тарихи фактілер дәлелдейді. Осыдан біз, ішкі конфессионалдық тапшылықтың негізінде интеграция қағидалар мен нысандары арасындағы қақтығыстар және оның түбінде өз саяси билігін жүзеге асыру жатыр. Мемлекетке қарсы шығуда да, және оған бағынуда да екі нысан да ерекше және ыңғайлы болып табылады.

Діни экстремизм мен терроризмнің шығуына көптеген жағдайлар әсер етті. Атап айтатын болсақ:

1. Экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және мәдени салаларда артта қалу;
2. Әлеуметтік әділетсіздік;
3. Жұмыссыздық, кедейшілік, ауыл және қала мәселелері;
4. Халықтың өмір сүру түрі, стандарттарына батыс елдерінің араласуы;
5. Нәсіл, дін, мазхаб, идеология, аймақ және шекара мәселелері;
6. Саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени тұрғыдан үстемдік құруы;
7. Діни, мәдени және идеологиялық, миссионерлік іс-шаралар;
8. Географиялық аймақтар, мемлекеттер, халық пен ел арасындағы түсініспеушіліктер;
9. Дамыған елдер мен мемлекеттердің дамымаған елдерді отарлауы, бөліп тұтастығын бұзуы;
10. Отбасы проблемасы, қоғамнан аластатылуы, өзін-өзі көрсету және дәлелдеуі;
11. Бір адамның, қоғамның бастан кешкен күйінішіне, әлсіздігіне қарсы өш алуы;
12. Өз дінінің, идеологиясының, халқының және мемлекетінің алдындағы міндетін атқару;
13. Қоғамдағы саясат, мәдениет пен өркениет дамуына қарсы әрекеттердің туындауы.

Діндер адамзат тарихында ізгіліктің құралы болғаны анық. Бірақ саяси күштер дінді саясаттың құралы етіп алып, қатыгез саяси мақсаттарын жүзеге асырады. Технология мен ғылым дамыған кезде діни экстремизм деген ұғым жиі қолданылуда. Халықтың білімдік мәртебесін көтеру қажет дегенде біз,

халықтың тек діни сауаттылығын көтеруді ғана емес, сонымен бірге халықтың саяси мәдениетін, саяси сана мен өзіндік сананы қалыптастыруды, саяси сауаттылықты да айтып тұрмыз. Мұндай қажеттілік бірінші кезекте қазіргі өркениеттің ең үлкен қауіптерінің бірі – діни экстремизмге байланысты түсіндіріледі. Діни экстремизм діни білім мен тәжірибенің жоқтығының, саясат пен діннің араласуының тікелей салдары. Діни экстремизм, іс жүзінде саяси экстремизм, яғни дінді агрессияны ақтап шығару үшін пайдаланады. Бұған жол бермеу үшін тең дәрежеде діни сауаттылық, саяси мәдениет пен саяси сананы қалыптастыру, жалпы алғанда, мәдениет пен білімдік деңгейін көтеру қажет [9, 10 б.]. Діни экстремизм дегеніміз – саяси күштердің өз мақсаттарына жету үшін дін атынан мемлекетке қарсы жасалған немесе бағытталған күресі. Сөйтіп, олар өз билігін орнатуға немесе айтқанын орындатуға ұмтылады. Дінімізді бұрмалап әртүрлі жаңалықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, ділімізден, мәдениетімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халық арасында араздық, дұшпандық, жеккөрушілік, тасбауырлық тудырып, ынтымағынан, бірлігінен айырып, ұмыттырғысы келгені, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде жұмыс жасап жатқандығы – осының дәлелі. Сонымен қатар, көптеген діни ағымдардың пайда болуына байланысты, қоғамда кері саяси ұғымдардың пайда болуы, адамның сана сезімін улайтын, әлемдік діндердің атын жамылып теріс бағыт беретін діни секталардың экстремалды түрде қаптауы халыққа зиянын тигізіп жатыр. Экстремистік әрекеттердің әрбір мемлекетке немесе қоғамға тигізетін салдарын Ресей мамандары В. Зорин және Э. Паин жан-жақты талдап береді [10, 4 б.]:

-саяси аяда мүмкіндіктер деңгейі кәдімгідей жоғарылайды, яғни, іс жүзінде маргиналды болып саналатын саяси күштер беделді болып келеді де, саяси этиканың жалпы деңгейі төмендейді. Осылайша мемлекеттің бүкіл қоғамына кері әсері тарайды;

-қоғамдағы шыдамдылық тоза бастайды да, ақыр соңында саяси жүйе әлсірейді;

-қазіргі таңда зорлық, зомбылық мақсаттарға жету жолында анағұрлым тиімді және жеңіл тәсіл ретінде қалыптасқан.

Жоғарыда аталған факторлар қазіргі замандағы экстремизм себептерін айқындайды. Экстремизм мен терроризм арасындағы айырмашылықтарды нақты анықтаған Ресей маманы Г. Мирский: «Экстремизм және терроризм өте тығыз және өте жақын құбылыстар, бірақ олардың арасында автоматты байланыс жоқ: егер әрбір террорист – экстремист екені белгілі болса, онда әрбір экстремист – террорист екені қате пікір». Әрине экстремизм белгілі бір ой толқынының тәсілі мен логикалық түрде террорды ақтауға әкеледі, бірақ бұл қызу нүктесіне жетуге міндетті емес [11, 15 б.]. Жалпы экстремизм мәселесі, оның түрлі сипаттарында, әлемдегі көптеген мемлекеттері үшін ең өзекті болып табылады және бұл мемлекеттердің саяси және экономикалық даму деңгейіне ғана қатысты емес. Әлемдік тәжірибеде экстремизм әлеуметтік, экономикалық, саяси, діни, экологиялық және басқа да мақсаттарды шешу тәсілі ретінде әрбір

қоғамда, мемлекетте жандана алады, соның ішінде экономикалық жағынан дамыған және саяси тұрақты елдер де бар.

Қазіргі жаһандану заманында экстремизмнің келесі түрлерін атап өтуге болады:

1. Антижүйелік экстремизм – ең көп тараған түрі. Діни ұйымдардың саяси күшке ие деңгейін мойындамайтын оппозиция мен билік арасындағы қақтығыс (Алжирде).

2. Этникалық экстремизм – түрлі этностардың қоғамда басты доминант болуына бағытталған әрекет ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, бұл этностар мен аз ұлттар нақты преференциялар мен жеңілдіктер ұсыну әрекеті болып табылады. Бұл тойтарыс ұлт-азаттық, соның нысанына ие бола алады немесе СУАР, Индонезия, Шешенстан және тағы басқа мемлекеттерде орын алған қақтығыстарда сияқты созылмалы тапшылық кезінде пайда болған ұйымдасқан саяси топтарға айналатын трансформацияға ұшыраған әрекеттер. Азаттық жолындағы халықтың әрекеті оған діни-дәстүрлі сипат беруі күшейе түсетін факт заңды болып қала береді. Дәлел ретінде, Кавказда болған Шәміл көтерілісі, Алжирдағы - Әбдел Қадыр басқарған француз отаршыларына қарсылық көрсету кезеңі, Индонезиядағы – Дипонегоро басқарған көтеріліс барысында және Суматр аралында Голландия отаршыларына қарсы сәләфизм туы астында болған көтеріліс ошақтары, Израильдің сионистік саясатына қарсы тұрған Палестина халқының шерулері, Солтүстік Үндістандағы – Сеийд Ахмед Барлевидің басқаруымен өткен уахабшылар көтерілісі. Кейін бұл көтерілістер Ситан, Пенджап, Кашмирде, Ливия, Солтүстік Ирландиядағы радикалды әрекеттердің жандануы орын алды.

3. Секталық экстремизм - өзінің бақылауға түспейтін және айқын еместігі себептерінен діни экстремизмнің бірден-бір қауіпті нысаны болып табылады. Олардың да әрекет ету әдіс-тәсілдері ерекше сипатқа ие.

4. Діни экстремизм (антиконфессионалды) – Орта Азия аймағында кең тараған экстремизм түрі болғандықтан зерттеушілер, дінтанушылар тарапынан қызығушылықты тудырып отыр. Діни экстремизм қоғамда діни құндылықтарды күштеп тарату тәсілі арқылы, зайырлы мемлекеттің діни ұйымдарын шетке ығыстыра отырып, өз ықпалын жүзеге асырады.

5. Саяси экстремизм – саяси бірлестіктер арасында халықаралық немесе ішкі мемлекет топтарының қақтығыстарында көрініс табады. Бұл қақтығыстар жоғарғы мемлекеттік деңгейдегі, сол мемлекеттік органдарда геосаяси және геоэкономикалық көзқарастарды ұстану мен тарату барысында пайда болады. Сонымен қатар, белгілі бір саяси мақсаттарға жету үшін ланкестік қорқыту немесе бопсалау арқылы нақты топтардың көзқарастарын жылжытуға немесе көрші мемлекеттегі тұрақсыздықты қолдау арқылы болатын мемлекетаралық қарама-қайшылықтарды айтамыз. Терроризм қалыптасқан тұрақты күштерін бұзуға бағытталған немесе тапшылықты одан әрі тереңдетуге ықпал ететін әрекет ретінде қарастыра алады. Одан міндетті түрде нақты саяси және экономикалық жақтан пайдалану мүмкіндігі туады.

Қазақстан өзі тарапынан аймақтық бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, сонымен қатар, демократиялық, әділ және

ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнату үшін қолынан келгеннің бәрін жасап жатыр. Соның бір мысалы ретінде Қазақстанның 1996 жылы «Шанхай бестігі» деген атаумен құрылып, 2001 жылдың 1 маусымынан бастап Шанхай ынтымақтастық ұйымы аталған құрылым аясындағы экстремизм мен терроризмге қарсы нақты іс-шараларын айтуға болады. Қазақстан өзі мүше болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аясында да халықаралық экстремизммен күресін жалғастыруда. 2000 жылы ТМД-ға мүше мемлекеттер арнайы антитеррорлық орталық құрған. Орталық ТМД-ның арнайы салалық органы болып табылады және ТМД-ға мүше мемлекеттердің құзіретті органдарының арасындағы байланысты үйлестіруді қамтамасыз етеді. Сонымен, соңғы жылдары экстремистік және террорлық әрекеттер әлем елдері үшін жаңа мыңжылдықтың бас ауруы болып отыр. Әлемдік қоғамдастық аталған жаһандық проблеманы шешу жолында күш біріктірмесе, бұл қатер белең ала түсуі әбден ықтимал. Осы орайда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекеттің бірден-бір негізгі бағыты болып табылады. Қорыта айтқанда, жаңа заман жағдайында, яғни конфессиялық топтардың саяси қайшылықтары кезінде жоғарыда аталған мәселелер ерекше маңызға ие және оларды еңсеру барысында Қазақстанның саяси-құқықтық құрылымы мен ұлттық ерекшеліктері есепке алынып отыруы тиіс.

Қазіргі таңда исламдық факторды кейбір батыс шеңберіндегі тұлғаларымен айыпталуы бізге олардың мәселенің толық қамын білмейтінін және оған қате баға беретінін көрсетеді. Себебі, олар тек мәселенің үстіңгі және сыртқы көріністері негізінде және терроризмнің көріністеріне қате сараптама жасау негізінде қорытынды жасайды. Бұл нысанның ерекшелігі мынада болып табылады: осы ланкестік әрекеттерді жүзеге асырушылар одан геосаяси және геоэкономикалық пайданы табады.

Негізгі әдебиет: 7, 9, 10, 13.

Қосымша әдебиет: 14, 15, 16, 18, 19.

2-ші тақырып. Халықаралық ынтымақтастық - терроризмге қарсы қызметтің негізі ретінде.

Дәріс – 1 сағат

Дәрістің жоспары (1 сағат):

1. Қазақстан Республикасының экстремизм мен терроризмге қарсы іс-әрекет сферасындағы нормативтік-құқықтық базасы.
2. Терроризм мен саяси басқыншылыққа қарсы күрестегі әлемдік қоғамдастықтың конвенциялық тәжірибе кезеңдері.
3. Әлемнің террорға қарсы мемлекеттік құрылымдары және олардың терроризмге қарсы күрестегі қызметінің ерекшеліктері.

Терроризм және бүгінгі халықаралық қатынастар. XX ғ. терроризмнің эволюциясы. Регионалдық және жалпы типтік конвенциялар мен келісім шарттар. Басқыншылыққа қарсы шаралардың саяси және құқықтық негізі.

2001ж. /Нью-Йорк, Вашингтон/ және 2002ж. /Мәскеу/ оқиғалар лаңкестікке қарсы күрестегі жаңа кезең ретінде. Халықаралық лаңкестікке қарсы коалицияның құрылуы.

Экстремистік және террористік ұйымдар. Олардың идеологиясы мен бағдарламалары.

Орталық Азия елдері: бүгінгі жағдайы мен өзара лаңкестікке қарсы күрес бағытындағы қатынастар.

Елбасы жолдауларының ерекшелігі өміріміздің барлық саласын қамтитындығынан да көрінеді. Соның бірі де, бірегейі де – сыртқы саясат. Президент бұл бағыттағы жұмыстың маңыздылығын: “Оныншы міндет – жаңа Қазақстанның Орталық Азия өңірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін ілгерілету”, деп атап айту арқылы айшықты көрсетті. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Германия еліне сапары барысында Еуропалық Одақ және Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы қатынастарды жаңа да жоғары деңгейге көтеру керектігі жөнінде пікір алмасылған еді. Осыған орай 2007 жылдың жазына дейін Еуропалық Одақ өзінің Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасын нығайту жөніндегі Стратегиясын қабылдайтынын мәлімдеді. Осы құжаттың екі жақты болуы үшін алдын ала наурыздың 28-інде Астана қаласында Еуропалық Одақтың үш басты мемлекеттерінің өкілдері Қазақстанның және де басқа көршілес Орталық Азия елдерінің сыртқы істер министрліктері басшылығымен кездесу өткізетін болды.

Бүгінде Еуроодақтың Қазақстанға және жалпы Орталық Азия аймағына ерекше назар аударуының маңызды себептері бар. Бірінші себебі – осы өңірдің энергетикалық ресурстарға бай болуы. Еуроодақ өз энергетикалық импорт маршруттарын әртараптандыруға мүдделі. Қазақстан және көршілес елдер осыған біраз ықпал ете алады. Еуропаның Қазақстанмен энергетикалық ынтымақтастығын ерекше қарастыратынын екі жақтың арасындағы Энергетика саласындағы түсіністік жайындағы меморандумға қол қойылғаны да көрсетеді. Ол құжат тек жаңа маршруттардың ашылуы жөнінде ғана емес, ол сонымен қатар Қазақстанның Еуропа бағытындағы ірі қуат тасымалдаушы болуына мүмкіндік жасайды.

Қазіргі таңда Орталық Азия аймағы, әсіресе, Қазақстан, Еуроодақтың көлік саласындағы белді әріптесі ретінде қалыптасып келе жатыр. Біздің аймақтың орналасқан жері Шығыс пен Батысты байланыстыру үшін өте қолайлы. Осы себептен Еуроодақ бұл өңірден экономикалық прагматизм тұрғысынан сенімді әріптестер іздеуде. Жалпы, Еуроодақтың осындағы өз саясатын стратегиялық тұрғыдан жаңа деңгейге шығаруы әлемде болып жатқан құбылыстардың заңдылығы деп қарауға әбден құқы-лымыз. Еуропамен қарым-қатынасты дамытудың Орталық Азия мемлекеттері, әсіресе Қазақстан үшін қандай нақты тиімділіктері бар деген сұрақтың жауабы сараптамашылар үшін өте айқын. Еліміздің ЕО-ға мүше мемлекеттермен сауда айналымы 20 миллиард доллардан асып кетті. Былтыр экономикалық мәселелерді алға қойған Қазақстан Үкіметі ЕО мемлекеттерімен өзара тиімді екіжақты қатынастарын кеңейтіп, елімізді Орталық Азия аумағындағы бас әріптесі ретінде мойындата білді. Осының арқасында «Кәрі құрлықтың» көптеген мемлекеттері мен трансұлттық

компаниялары біздің елімізді Азиядағы ең тартымды рыноктардың бірі әрі сенімді инвестициялық әріптесі ретінде қарастыра бастады. Экономикамызды жеделдете жаңарту мақсатында Қазақстан Еуроодақпен ынтымақтастыққа аса мүдделі. Бұл орайда еуропалық әріптестеріміздің отандық экономиканың түрлі, әсіресе жоғары технологияларға қатысты салаларында қолға алған жобаларын дамытуына жағдай жасағанмыз жөн. Демек, біздің басты экономикалық әріптестеріміз болып табылатын ЕО-мен қарым-қатынастарды дамыту мемлекетіміздің сыртқы саясатындағы маңызды бағыты болып табылады. Біз үшін Еуроодақпен саяси қарым-қатынас та аса үлкен маңызға ие. ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің 2009 жылы Қазақстанның осы аса беделді ұйымға төрағалық етуі туралы шешімі ең алдымен осы құрылымның көзқарасына қатысты. Соңғы екі жылда бұл бағытта біраз шаруа атқарылды. ЕҚЫҰ-ға мүше 59 мемлекеттің 56-сы еліміздің кандидатурасына қолдау көрсеткені мұны айқын дәлелдейді. Аталған ұйымның Демократиялық институттар мен адам құқықтары бюросының ұсыныстарына сәйкес, еліміздің сайлау заңнамасындағы жиналыстар еркіндігін шектеген даулы түзетулер алынып тасталды. Былтыр күзде жергілікті билік органдары құрамының 30 пайызы сайлау жолымен толықтырылды. Бұл қадам жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі ауқымды бағдарламаның маңызды бір көрінісі. Басқа шаралар ретінде күні кеше өз Жолдауында Президент жария еткен маңызды жайды – Парламент өкілеттіктерін кеңейтуді атауға болды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы мәселесі 2007 жылдың соңында Мадридте өтетін ЕҚЫҰ-ның министрлер жиналысында қарастырылмақ. Соған дейін қалған уақытта көздеген нәтижеге қол жеткізу үшін бар мүмкіндікті пайдаланғанмыз жөн.

Қазақстан мен Еуроодақ қарым-қатынастарында қандай маңызды бағыттар бар деген сұраққа жауап беретін болсақ, аумақтық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін алдымен атауымыз керек. Астанада 28 наурыз күні тұжырымдамалық түрінде талқыланбақ “Еуропа Одағының Орталық Азиядағы стратегиясы” атты құжат, көптеген басқа мақсаттарын атамағанда, біздің аймақта тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған. Президентіміз атап айтқандай, Еуроодақ пен Орталық Азия арасында ынтымақтастықтың нақты бағыттары деп лаңкестікке, есірткі тасымалы мен экстремизмге қарсы күрес, экология мәселелерін қарастыруымызға болады. Бұл тізімге су-энергетика жүйелерін реттеу және ирригация мәселелерін де қосу жөн. Орталық Азия мемлекеттерінің дамуы бірыңғай болмай тұрғанда бұл проблемалардың шешімін таппауы бүкіл өңірге қауіп төндіруі ықтимал. Аталған қатерге бірігіп қарсы тұрмасақ, Орталық Азиядағы әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрақтылық әрі қауіпсіздік туралы әңгімеміз мүлдем мәнсіз болып кетуі мүмкін.

Алайда «Шанхай ұйымы әскери блогқа айналуы мүмкін бе?» деген сауалға отандық сарапшылар сақтықпен жауап беретін секілді. Мысалы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының (ОДКБ) Бас хатшысы Николай Бардюжаның пікірінше, «Шанхай ұйымы әскери-саяси Одаққа айналмаса-дағы, ол аймақтағы

қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белсенді бір ұйым болып табылады. Ал ОДКБ Шанхай ұйымымен бірлесе қызмет етуге дайын».

«Шанхай ұйымының дәл қазір әскери саяси Одаққа айналуы мүмкін емес. Өйткені біз Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына (ОДКБ) мүшеміз. Аймақта бұдан басқа әскери Одақ құрылуы үшін одан шығуымыз керек немесе оған Қытай енуі тиіс. Ал негізінен ОДКБ-да Ресейдің қамын ойлау басымырақ. Дегенмен, аймақтағы саяси ахуалдарға байланысты бәрі лезде өзгеруі мүмкін. Егер НАТО-ның Тайваньға, Белоруссияға экспансиясы жалғасып, ол ушыға түсетін болса, онда Қытай мен Ресей бір саяси одақта бас түйістіруі әбден мүмкін», - дейді саясаттанушы Берік Әбдіғалиев.

Ал саясаттанушы Камал Бұрхановтың пікірі мүлдем басқа. «Шанхай ұйымының әскери Одаққа айналуы мүмкін емес нәрсе. Оның қажеті де шамалы болып тұр. Негізінен ол өзінің бастапқы мақсаты - лаңкестік, діни сепаратизм, есірткі тасымалымен күрес болғандықтан, ол осы бағыттағы ұйым болып қала береді», - дейді ол.

Ал ең басты мәселе, Шанхай ұйымында Астананың ұстанған позициясы қандай болуы мүмкін, Қазақстан неден ұтылады, неден ұтады? Бұл мәселеде сарапшылардың пікірі мынаған саяды: «Әрине, Шанхайдың негізгі қаңқасын Қытай мен Ресей құрайды десек те, бұл ойында Астананың ұтылатын жөні жоқ. Өйткені, аса ірі геосаяси ойыншылардың арасында Астанаға аралық арбитр болу тарихи мүмкіндігі беріліп отырған сияқты. Көпжақты, күрделі ойында Қазақстан әмәнда саяси ұпай алу мүмкіндігін сақтап отырады. Біріншіден, Қазақстанда тәуелді болатындай, Ресейдің немесе АҚШ-тың әскери базалары жоқ. Қиын-қыстау кезеңде еш елге Астана әскери аэродромдарын берген жоқ. Демек, басқалар бас ауырттып отырған база мәселесі Қазақстанда көрінбейді.

Екіншіден, Қазақстанның геосаяси жағынан орналасуы АҚШ пен ШОС арасында алтын көпір болуға мүмкіндік береді. Үлкен есеппен алғанда, Орталық Азия, Ресей және Қытайға апаратын транзиттік экономикалық жол тасымалы Қазақстан арқылы өтеді.

Үшіншіден, Орталық Азия елдері арасында лидерлікке ие болып отырған Қазақстанның саяси және экономикалық жағдайы осы аралықтағы қандай да бір аймақтық ойында «ойыншы» бола білу де тәуекелділігін береді. Алайда, Қазақстан өздігінен ойын жүргізе алмас, алайда басқалар да Қазақстансыз саяси ойын жүргізе алмайды».

2010 жылы Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалыққа сайлануы халқымызға, ұлтымызға, мемлекетімізге әлем алдында үлкен абырой әкелді. Бұл Қазақ елінің келешегі жарқын, арайлы екендігінің кепілі іспетті. Сан ғасыр бойы бодандықтың қамытынан мойны босамаған еліміз бүгін, міне, өзгелермен терезесі тең, тәуелсіз мемлекет атанып отыр. Қол жеткен бұл дәреже, сөз жоқ, саясат саласындағы сайыпқыран Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасы екендігі де күмәнсіз. Алдыңғы қатардағы елу елдің ішіне енуге ұмтылыс жасалып жатқанда ие болған осы абырой баянды болуы үшін Үкімет, Парламент, министрлер мен әкімдер енді өз міндеттерін жана қарқынмен атқаруы тиіс деп білеміз.

Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі қауіпсіздігі көпдеңгейлі және көп тараптық сипатқа ие, оны тиімді қамтамасыз ету жағдайлар мен факторлардың едәуір санының болуын талап етеді. Аймақтық әлеуметтік жүйелерін әдістеудің негізінде келесідей факторлар – ішкі қауіпсіздік қатерлерінің топтарын ескеру жатыр: әлеуметтік экономикалық (дамудың біркелкісіздігі); тарихи – географиялық (этникалық және конфессиялық алуан түрлілік); аймақ тұрғындарының құқытық саяси дамуының өзіндік ерекшелігі; Орталық Азияға қатысты сыртқы күштер мен факторлардың ықпалы. Орталық Азия елдерінің ішкі қауіпсіздік саласындағы интеграцияның тереңдету мүмкіндіктерін қарастыра отырып, ішкі қауіпсіздік қатерлерінің алдында күш біріктіру мен үйлестірудің объективті ықтиярсыз қажеттілігінің авторитарлық басқару тәсілінің, Орталық Азия мемлекеттерінің көшбасшылары қолында билік өкілеттіктерінің шорғырлануының көмегімен ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы интеграциясының деңгейі ең алдымен аймақ мемлекеттерінің арасында осы тақырыптың мазмұны мен мәселілігіндегі айтарлықтай айырмасының болуымен шектеледі.

Бүкіл Еуразиялық кеңістіктегі қауіпсіздікті толыққанды қамтамасыз ету үшін біз Орталық Азия аймағындағы мемлекеттермен өзара ынтымақтастықты нығайта түсуіміз керек,- деп түйді өз сөзін АҚШ мемлекеттік хатшысының орынбасар көмекшісі.

Негізгі әдебиет: 7, 9, 10, 13.

Қосымша әдебиет: 14, 15, 16, 18, 19.

3-ші тақырып. Орталық Азия, ТМД елдеріндегі терроризм мен экстремизм және өңірлік қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру мәселелері.

Дәріс – 1сағат

Дәрістің жоспары (1 сағат):

1. ОАР және ТМД мемлекеттеріндегі экстремизм мен терроризм дамуының қайнар көздері, түрлері және қазіргі жағдайы. Халықаралық терроризм және халықаралық ұйымдасқан қылмыс: мақсатты мүдделер қақтығыстары және интеграция себеп-салдары.
2. Терроризмге және басқыншылыққа қарсы іс-әрекеттің халықаралық тәжірибесі және терроризмнің әлеуметтік салдарының бағалары.
3. Қазіргі кезеңдегі саяси және діни экстремизмге қарсы іс-әрекеттегі ортаазиялық мемлекеттер. Қазақстан-аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудың субъектісі ретінде.

Орталық Азиямен ТМД елдеріндегі лаңкестіктің дамуының қазіргі тенденциялары мен көздері. Ұйымдастырылған қылмыс пен лаңкестік: қосылу белгілері мен бүгінгі көріністері /Орталық Азия, Оңтүстік - Шығыс Азия және ТМД/. Орталық Азиядағы экстремизм мен терроризмнің даму факторлары. Кедейлік және әлеуметтік тұрақсыздық. ТМД мен Орталық Азия елдеріндегі лаңкестікке қарсы шаралардың ерекшеліктері. Лаңкестіктің әлеуметтік

нәтижелерінің сипатамасы және оларға деген халықаралық деңгейде берілген баға.

КСРО тыдырағаннан кейін Орта Азия мемлекеттері тәуелсіздіктеріне қол жеткізді. Осы кезеңнен бастап аймақ халықаралық қатынастардың дербес субъектісіне айналғандықтан, аймақтық аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі туындады. Қазақстан Орта Азия мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатып, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты дамытуға белсене кірісті.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 23 қарашада орнатылды. 2007 жылдың қараша айынан бастап Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасында Төтенше және өкілетті Елшісі Зауытбек Қауысбекұлы Тұрысбеков болып табылады. 2008 жылдың қараша айынан бастап Өзбекстан Республикасының Қазақстан Республикасында Төтенше және өкілетті елшісі Фарух Исламжанұлы Тұрсынов болып табылады.

Қазақстан-өзбек арасындағы қатынастар жеткілікті түрде тұрақты дамуда. Тараптар өңірлік қауіпсіздік мәселелерінде ықпалдасады олар халықаралық ұйымдар мен форумдар мысалы ШЫҰ, ТМД, ҰҚШҰ, АӨЫСШЖК мүшелері болып табылады. Қазақстан-өзбек қатынастары шарт-құқықтық базасын ынтымақтастықтың барлық саласын қамтитын 100-ден астам құжат құрап отыр. ҚР Президентінің 1998 жылғы 30 қазандағы Өзбекстанға ресми сапары кезінде екі жақты қатынастардың негізін салушы Мәңгілік достық туралы шартқа қол қойылды. 2006 ж. 11 қаңтарда Өзбекстан Президенті И. Кәрімов Астана қаласында өткен Қазақстан Президентін ресми ұлықтау салтанатты рәсіміне қатысты. 2006 жылғы 19-20 наурызда ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Өзбекстанға мемлекеттік сапары барысында екі ел Президенттерінің жетекшілік етуімен Мемлекетаралық үйлестіру Кеңесін (МҮК) құру туралы шешім қабылданды. Ол екі жақты ынтымақтастықтың басым мәселелерін тиімді шешуге қызмет етеді. Ол сондай-ақ Алматыда өткен АӨСШК Екінші Саммитіне (2006 жылғы 17 маусым) және Астанадағы Орталық Азия елдері президенттерінің ресми емес кездесуіне (2006 жылғы 1-2 қыркүйек) қатысты. 2006 жылдың 4 қыркүйегінде Өзбекстан Республикасының Президенті И. Кәрімовтің Қазақстанға мемлекеттік сапары болды, оның барысында Мемлекетаралық үйлестіру Кеңесінің ережесі бекітілді. Сонымен бірге 2006-2010 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық және 2006-2008 жылдарға арналған мәдениеттілі-гуманитарлық ынтымақтастық бағдарламаларына қол қойылды.

2006 жылғы 3 қарашада Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Өзбекстанға жұмыс сапары болып, оның барысында МҮК-тің 1-ші отырысы өтті. 2007 жылғы 26-27 шілде аралығында ҚР Премьер-Министрі К.Мәсімовтің Өзбекстанға сапары болып, оның кезінде МҮК-тің 2-ші отырысы өтті. К.Мәсімов Ташкентте болған уақытында оны ӨР Президенті И.Кәрімов қабылдады және ол ӨР Премьер-Министрі Ш.Мирзиёевпен келіссөздер өткізді.

МҮК отырысы кезінде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы 2007-2016 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастықтың стратегиясына қол

қойылды және оны іске асыру үшін жұмыс тобы құрылды. 2008 жылдың 22-23 сәуір күндері Президент И.Кәрімовтің Қазақстанға ресми сапары орын алды, оның барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды қарастырды. Қазақстан мен Өзбекстан арасында еркін сауда аймағын құру, бизнес-орталықтар және Сауда өкілеттіктерін ашу, мұнай саласында әріптестікті нығайту және т.б. туралы келісімдерді дайындауға екі жақ уағдаластыққа келді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Түркіменстанда ресми сапармен 1993 жылғы 19 мамырда, 1999 жылғы 8-9 сәуірде болды, сондай-ақ 2002 жылғы 23-24 сәуірде Ашхабат қаласында өткен Каспий жағалауы мемлекеттері Басшыларының Бірінші саммитінің жұмысына қатысты. Түркіменстанның Президенті С.Ниязов Қазақстанда ресми сапармен 1997 жылғы 27 ақпанда, 2001 жылғы 5-6 шілдеде болды, сондай-ақ 2002 жылғы 28 ақпан – 1 наурыз аралығында Алматы қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты. 2001 жылғы 5 шілдеде Астана қаласында мемлекет басшылары Қазақстан-түрікмен мемлекеттік шекарасын межелеу және демаркациялау процесі туралы шартқа қол қойды. 2005 жылдың қараша айында іргелес мемлекеттердің мемлекеттік шекарасында алғашқы шекара бағаналарының орнатылу рәсімі салтанатты түрде өткізілді. Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекараны демаркациялау процесін ағымдағы жылы аяқтау көзделген. Қазіргі таңда біздің елдеріміз Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтауға қатысты келіссөз процесіне қатысуда. Бұл мәселеде Қазақстан мен Түркіменстан ұқсас ұстанымдар білдіріп, келісушілік танытып жатыр. Сонымен қатар, қазіргі уақытта Қазақстан мен Түркіменстан арасындағы Каспий теңізінің табанын межелеу туралы келісімнің жобасын даярлауға байланысты келіссөз процесі жалғасу үстінде. Сондай-ақ Арал теңізі бассейнінің су қорларын басқару және трансшекаралық өзендердің су қорларын пайдалану мәселелері қарастырылатын Аралды сақтап қалу халықаралық қоры шеңберінде Қазақстан мен Түркіменстан ынтымақтастық танытуда. Географиялық тұрғыдан жақындығы, тарихи тарихи тұрғыдан терең тамырластығы, тілдің, мәдениеттің, салт – дәстүрдің ортақтығы Қазақстанның Қырғыстан Республикасымен жана тиімді ынтымақтастығының сенімді негізі болып табылады. Екі жақты қарым-қатынас 1993 жылы жасалған, Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарттың ережелеріне сәйкес құрылады. Шартта тараптардың әрқайсысы өз аумағында тұрып жатқан екінші тараптың азаматтарына жалпыға бірдей танылған азаматтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар мен еркіндіктерге кепілдік береді. Құжатта сауда-экономикалық, мәдени, ғылыми-техникалық және басқа да байланыстарды кеңейтуге, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге айрықша маңыз беріледі. Тараптық қоршаған ортаның ластануын болдырмау, табиғатты пайдаланудың, әсіресе экологиялық тұрғыдан қолайсыз аудандарда ұтымдылықты және ресурсты үнемдеуді қамтамасыз етуге айрықша маңыз беріледі. Тараптар қоршаған ортаның ластануын болдырмау, табиғатты пайдаланудың, әсіресе экологиялық тұрғыдан қолайсыз аудандарда ұтымдылықты және ресурсты үнемдеуді қамтамасыз ету

үшін қажетті шаралар қабылдау туралы өздеріне міндеттеме алды. Мемлекеттер сейсмология саласында ынтымақтасуға, өз аумақтарындағы ірі экологиялық тұрғыдан қолайсыз аудандарда ұтымдылықты және ресурсты үнемдеуді қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдау туралы өздеріне міндеттеме алды. Мемлекеттер сейсмология апаттардың салдарын жоюда жәрдем көрсетуге, сондай-ақ халықтың тыныс тіршілігі үшін қауіп туғызатын, табиғи және техногендік факторларға байланысты төтенше жағдайлар туындаған кезде өзара көмек көрсетуге уағдаласты.

Екі жақты қатынастардың шеңберінде 90-ға жуық құжаттарға қол қойылды. Олардың ішінде Сауда-экономикалық ынтымақтастық принциптері туралы, Еркін сауда-саттық туралы, Қазақстан мен Қырғыстанның үкіметтері мен ұлттық банктері арасында есеп айырысуларды ұйымдастыру туралы келісімдер маңызды болып табылады. Жерді республикааралық пайдалану туралы, өнеркәсіп, құрамында ураны бар шикізатты өндіру және ұқсату саласындағы бұдан былайғы интеграция туралы және басқа да келісімдердің маңызы үлкен. Тараптардың өзара қарым-қатысындағы негізгі арқау сауда-экономикалық ынтымақтастықты жан-жақты тереңдету.

Қырғыстанның Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы Біртұтас экономикалық кеңестік құру туралы шартқа қосылуы, осы шартқа қосылуы, осы шартқа үш тарапты құжаттың сипатын беру шын мәнінде Орталық Азия республикаларының арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңі басталғандығын куәландырады, олар өзара тиімді байланыстарды нығайту мақсатында күш-жігерді біріктіруге деген ұмтылыстарын анық білдірді. Екі жақты қатынастарды кеңейту үшін Президент А. Ақаевтың 1997 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстанға ресми сапарының зор маңызы болды. Екі мемлекет басшылары мәңгілік достық туралы шартқа қол қойды. Бұл құжат Қазақстан мен Қырғыстанның әртарапты ынтымақтастығының тұрлаулы болашағын белгілеп берді. Екі елдің Президенттері екі елдің арасындағы мемлекеттік шекараны құқықтық тұрғыда ресімдеудің орындылығы туралы пікір білдірді. Осы уағдаласты орындау үшін тараптар Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы шекараны делимитациялауға кірісті. Н. Назарбаевтың 2001 жылғы маусымда Бишкек сапары барысында екі мемлекет басшылары осы жұмысты тиісті шартқа қол қою үшін жылдың аяғына дейін аяқтау ниеті туралы мәлімдеді.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы 2001 жылы «Шанхай бестігінен» (Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан және Тәжікстан) құрылған. ШЫҰ-ның негізі – Шекара аумағында әскери саласында сенімді нығайту туралы Шанхай келісімі (1996 жылы) және Шекара аумағында қарулы күштердің өзара қысқартылуы туралы Мәскеу келісімі (1997 жылы) болып табылады. Аталған екі тарихи келісімнің біріншісіне қол қою үшін 1996 жылы Шанхай қаласында бес мемлекет басшысы кездесіп, ол «Шанхай бестігі» деген атауға негіз болды. Шанхайдағы, оған ілесе бір жылдан кейін Мәскеуде өткен саммиттер алты жылдан соң көп жақты ынтымақтастық ұйымына айналған құрылымның негізін қалады. Қазақстан, Шанхай ынтымақтастық ұйымымен ықпалдасуды өзінің сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қарастыра отырып,

аталған Ұйымға ерекше мән береді. ШЫҰ осы өңірдегі мемлекеттердің қауіпсіздік және сенім шараларын нығайту мәселелерін бірлесіп шешу ұмтылысының нәтижесінде пайда болды. Ұйымның мүдделері саяси, экономикалық және мәдени–гуманитарлық салаларға таралды.

Терроризм, экстремизм және тағы басқа сыртқы қауіптер аймақтағы мемлекеттерді ШЫҰ-ның құрамында бірігуге итермелейді. ШЫҰ – белгілі бір күштерге қарсы қимылдайтын әскери одақ немесе тұйық қоғамдастық емес. Ол – халықаралық ынтымақтастыққа ұмтылған ашық ұйым. ШЫҰ-ның қазіргі жағдайдағы мән беретін мәселелері – аймақтағы бейбітшілікті, тұрақтылықты және қауіпсіздікті сақтау, әсіресе, сауда–экономикалық ынтымақтастықтың дамуы. «Шанхай үдерісінің» ең жоғары жетістігі – Қытай шекарасындағы шиеленісушіліктің әлсіреуі. Дипломатиялық және әскери сарапшылардан тұратын Бірлескен Бақылау Тобы шекара бойындағы 100 шақырымдық қауіпсіздік аймақтарда өзара тексерістерді жүргізеді. 2001 жылғы Шанхай Саммитінде терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрес туралы келісімшарт негізінде ӨТҚҚ құрылды. ӨТҚҚ-ның Атқарушы Комитеті 2004 жылдан бері Ташкентте жұмыс істейді. 2002 жылғы 7 маусымда Санкт–Петербургте ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының екінші кездесуінде үш маңызды құжат жасалды: ШЫҰ-ның Хартиясы, ӨТҚҚ туралы келісім және ШЫҰ-ның мүше мемлекеттері басшыларының мәлімдемесі. 2003 жылғы 29 мамырда Мәскеу қаласында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кездесуінде Ұйымның бюджетін қалыптастыру және орындалуының тәртібі туралы келісімге қол қойылды. 2003 жылы 23 қыркүйекте Пекинде Үкімет басшылары Кеңесінде сауда–экономикалық, көлік, энергетика салаларындағы қарым–қатынасты одан әрі дамыту туралы мәселелер талқыланды. Көп жақты сауда–экономикалық ынтымақтастықтың Бағдарламасы, ШЫҰ-ның 2004 жылғы бюджеті және тағы басқа қаржы құжаттары қабылданды. 2004 жылы 15 қаңтардан бері Пекинде ШЫҰ-ның Хатшылығы жұмыс істейді. 2004 жылы 17 маусымда Ташкентте ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кездесуі өтіп, Ташкент мәлімдемесін жасады және көптеген құжаттарға қол қойылды. Соның ішінде ШЫҰ ӨТҚҚ шеңберінде құпия ақпаратты қорғау, есірткіге қарсы күрес туралы келісімдерді атап өтуге болады. 2005 жылы 5 шілдеде Астанада ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кезекті саммитінде Астана мәлімдемесі жасалды. Антитеррорлық сипаттағы маңызды құжаттар – (терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күресуде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ынтымақтастық тұжырымдамасы, ШЫҰ ӨТҚҚ жанындағы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің тұрақты өкілдіктері туралы Ережесі және ШЫҰ ӨТҚҚ Кеңесінің баяндамасы бекітілді. Сонымен қатар Пәкістан, Иран және Үндістан мемлекеттеріне ШЫҰ-ның жанындағы бақылаушы мәртебесін беру туралы шешім қабылданды. 2005 жылы 26 қазанда Мәскеуде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Үкімет басшылары Кеңесінің мәжілісінде Банкаралық әрекеттесу және Төтенше жағдайды жоюға жәрдем етуде өзара іс-қимыл туралы келісімдер қабылданды. 2006 жылғы 15 маусымда Шанхайдағы мерейтойлық саммитінде Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумақтарында терроризмге

қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы, Ұйымға мүше мемлекеттердің аумағына террористік, сепаратистік және экстремистік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың кіру арналарын анықтау және жолын кесу саласындағы ынтымақтастық туралы және 2007–2009 жылдарға арналған ШЫҰ-ның мүше мемлекеттердің терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрестің бағдарламасы қабылданды.

Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылары және бас прокурорлар жылына бір рет жүйелі түрде кездеседі. Ү.ж. 30 мамырда Мәскеу қаласында ШЫҰ-на мүше мемлекеттер парламенттері төрағаларының кездесуі өтті, Жоғарғы соттар төрағаларының кездесуі ү.ж. қыркүйек айына жоспарланған. 2006 жылы ШЫҰ-да жаңа іскерлік құрылымдар – Банкаралық Бірлестік және Іскерлік Кеңес құрылды. 2006 жылдың мамыр айынан ғылыми – саяси топтардың Форумы өз жұмысын бастады. Соңғы кездерде ШЫҰ-ның халықаралық қатынастары едәуір нығайды. Мысалы, Солтүстік Корея, Непал, ТМД және Еуроодақтың мемлекеттері, БҰҰ-ның Даму Бағдарламасы, ҰҚШҰ, ЭЫҰ, басқа мемлекеттер мен ұйымдар ШЫҰ-ның іс-әрекетіне зор ықылас қойып отыр. 2004 жылы ШЫҰ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында бақылаушы ұйымы мәртебесін алды, ал 2005 жылдың көктемінде ОШАМҚ және ТМД хатшылықтарымен өзара түсінісу туралы меморандумы қабылданды. ШЫҰ шеңберінде гуманитарлық салаларда, яғни білім, мәдениет, туризм және спорт алаңдарында өзара ықпалдасу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Негізгі әдебиет: 7, 9, 10, 13.

Қосымша әдебиет: 14, 15, 16, 18, 19.

4-ші тақырып. Қазіргі әлемдегі экстремистік және террористік ұйымдар: негізгі мақсатары мен қызмет бағыттары

Дәріс – 1сағат

Дәрістің жоспары (1 сағат):

1. Экстремизм мен терроризмнің таралуының саяси алғышарттары. Американдық-исламдық одақ..
2. Халықаралық террористік ұйымдар: бағдарламалық мақсаттары мен идеологиялық қозғамдалары (мотивациялары).
3. Трайбализм және непотизм – этникалық экстремизм мен терроризмнің себептері ретінде.

Әлемдегі экстремистік және террористік ұйымдар: бағдарламалық мақсаттары мен идеологиялық негіздері.

ТМД мен Орталық Азия елдеріндегі экстремизм мен терроризм құбылыстарының пайда болуының әлеуметтік-экономикалық себептері. Экономикалық дағдарыс, өмір деңгейінің төмендеуі және кедейлік, жемқорлық пен қылмыс түрлерінің өсуі. Байлар мен кедейлердің арасындағы табыстың тең болмау көлемдерінің өсуі. Діни фундаментализм көтерілістің түрі мен негізі ретінде.

XX ғ. 80-90 жылдарындағы саяси дағдарыс. Кеңес Одағының құлдырауы және тәуелсіз мемлекеттерінің құрылуы. Трайболизм мен непотизм көріністерінің сыртқа шығуы. Экологиялық дағдарыс, оның саяси нәтижелері.

ТМД мен Орталық Азиядағы лаңкестікке қарсы шаралардың саяси, дипломатиялық, әскери бағыттары. Халықаралық қатынастардың радикализациясы және бүгінгі ерекшеліктері.

Соңғы кездері терроризм проблемасы халықаралық қатынастар саласымен байланысқан қазіргі таңғы өткір жаһандық проблемаға айналды. Бұл келесі себептермен байланысты: біріншіден, терроризм ғаламшарлық масштабта кеңінен таралуда. Терроризм тек дәстүрлі шиеленіс аймақтарында ғана емес (Таяу Шығыс, Оңтүстік Азия), сонымен қатар, дамыған және сәтті дамыған әлем мемлекеттерінде де (АҚШ, Батыс Еуропа) байқалады. XX және XXI ғасырларда жаһандық проблемалардың өршуі әлемдік қауымдастық дамуындағы қазіргі заманғы кезеңінің ерекше сипатына, бүгінгі халықаралық қатынастардың ерекшеліктері мен әлем саясатының негізгі бағыттарын анықтайтын шындыққа айналды. Екіншіден, терроризм жеке мемлекеттермен қоса бүкіл әлемдік қауымдастықтарға да қауіпті. Жыл сайын әлемде терроризмнің жүздеген әрекеттері болып, оның салдарынан мыңдаған адамдар өліп және мыңдағаны жарымжан болып қалады. Үшіншіден, терроризммен күресте тек бір ұлы державаның немесе жоғары дамыған мемлекеттер тобы жеткіліксіз. Терроризмді өршіп келе жатқан жаһандық проблема ретінде жеңу үшін, көпшілік мемлекеттер мен халықтардың, бүкіл әлемдік қауымдастықтың бірлескен күші қажет. Төртіншіден, терроризмнің қазіргі таңдағы басқа жаһандық проблемалармен байланысы ашық және айқын болуда. Терроризм проблемасына басқа жалпы адами проблемаларының көптеген ерекшеліктері тән: ғаламшарлық масштабта таралуы, шешімді шұғыл қабылдауды талап ететін жағдайлардың болуы, теріс динамизм, адамзат өміріне теріс әсер көбейгенде қолданылуы және т.б. Терроризмнің анықтаушы факторлары болып, әлемнің жаңа жаһандық проблемалары – мемлекеттер аралық қатынастардың шиеленісулері, әртүрлі діндердің арасында байланыстар, ғаламшар халқы санының артуы, ұлттаралық қатынастардың өткірленуі, халықаралық қылмыстың артуы, заңсыз есірткі айналымы және т.б. болып табылады [1]. Орталық-азиялық аймақ Еуропа мен Азияның, үш діннің – христиан, ислам және буддизмнің тоғысқан жерінде орналасқан, сондықтан да Орталық Азиядағы тұрақтылық әр кезде бұзылуы мүмкін. Аймақ потенциалды діни-саяси, этникалық немесе билік үшін ашық идеологиялық себеппен ұмтылған күрес шиеленістеріне толы болып келеді. 372 Барлық аймақтарда терроризм проблемасы әлемдік қауымдастықтар мен жеке мемлекеттер қауымдарының негізгі қызмет сфераларымен байланысты: саясат, ұлттық қатынастар, дін, экология, қылмыстық қауымдастықтар және т.б. Бұл байланыс келесілер жататын терроризмнің әр түрінің болуынан көрініс тапты: саяси, ұлттық, діни, қылмыстық және экологиялық терроризм. Жалпы бүкіл әлемдегідей, Орталық Азияда да саяси террор жасаушы топ мүшелері алдарына белгілі мемлекетте саяси, әлеуметтік немесе экономикалық өзгерістерге қол жеткізу, сонымен қатар мемлекетаралық қатынастарды, халықаралық тәртіпті

бұзу деген тапсырмалар қояды. Терроризмнің діни түрі мемлекетте үстем болып тұрған дінге, діни бағыттарға қарсы басқа дінді ұстанатын, қаруланған топтардың күресімен сипатталады. Жалпы Орталық Азиядағы терроризм проблемалары спецификалық, өзіне ғана тән ерекшеліктерге ие. Қазіргі таңда әлемдік қауымдастық ислам дінімен жасырынған терроризм бірінші орынға шығуына қатты мазалануда. Террористік ұйымдар көптеген мұсылмандардың діни сезімдерін пайдаланып, оларды өз жақтарына тартуға тырысуда. Исламдық бағытшылық өкілдері мен қорлары арасында ең белсенді қызметті «Мутакалим», «Ихсан-Хария», «Аль Вакъ Аль Ислами», «Ислам жастарының бүкіләлемдік ассамблеясы», «Халықаралық гуманитарлық шақыру», «Азия мұсылмандарының комитеті», «Ислам джихадының одағы» атқарады. Соңғы кездері исламизация қоғамында Сауд Арабиясы, Пәкістан, Иран және Түркия сияқты ислам елдерінен келген миссионерлер белсенділік көрсетуде. Олардың «патронаждарын» пайдалана отырып, «Салафиттер», «Акромидтер», «Ваххабиттер», «Нурджулар» сияқты радикалды бағыттар өз қызметтерін жүзеге асыруда. Салафизм мен ваххабизм – 18 ғасырда Мухаммад ибн Абдуль-Ваххабпен қалыптасқан діни оқыту болып табылады. Теоретикалық негіздері 14-ғасырда арабтық ибн Таймимен негізін қалаған болатын. Салафизмнің идеологиялық негізі «дінге сенбейтіндерге» қарсы қарулы күрес жүргізу болып табылады (джи-хад). Ибн Тайми идеяларын діни террористер қазіргі кезде зорлық әрекеттер негіздеу үшін пайдаланылады. Атақты француздық сарапшы Жиль Кепелт «джи-хат, исламизмнің экспансия мен құлдырауы» атты еңбегі 1997 жылы «Джихад туралы декларацияны» жазуда, еңбектің авторы, барлық мұсылмандарды АҚШ-қа қарсы әскери күреске шақырушы, «Аль-Каида» көшбасшысы Усама Бен Ладен ибн Таймиинің еңбектеріне сүйенгені туралы көрсетеді. Және де ӨИҚ мен ТИҚ-ның көшбасшылары өз әскерлерін идеологиялық дайындағанда ибн Тайми жұмыстарының негізінде құрылған материалдарды қолданған[2]. Сонымен қатар аймақта ерекше қауіпті жыл сайын күшейіп келе жатқан, аймақтағы ең белсенді «Хизбут-Тахрир» діни-экстремистік партиясы төндіруде. Алайда кейбір жағдайларда терроризм сылтауы саяси, экономикалық мақсаттарға жету үшін де пайдаланылуы мүмкін. Қазіргі таңда ірі державалардың бүкіл Орталықазиялық аймаққа ықпалын артырудағы күресі ушығуда. Бұл күресте барлық әдістер, яғни терроризм де қолданылуы мүмкін. Ресей, АҚШ, Қытай, ЕО мүшелері, Түркия, Иран сияқты мемлекеттер Орталық Азияны өздерінің өмірлік маңызды мүдделері аясына қосуы, әртүрлі себептерге сәйкес аймақтың олардың ұстанатын саясаттарына байланысты маңыздылығының артуы аймақтағы жағдайды шиеленістірді. Осының бәрі еуразиялық құрлықтың 373 Орталық-азиялық бөлігі ірі мемлекеттердің геосаяси мүдделерінің тоғысу сахнасына айналғанын білдіреді. Негізінен Еуразияның әлемдік тарихтағы ерекше орны туралы ХХ ғ. өзінде айтылған. Танымал ағылшын зерттеушісі Х. Маккиндер «Тарихтың географиялық осы» атты 1904 жылғы еңбегінде Орталық Азияға байланысты болжау жасаған. Оның ойының негізгі мәні ұлы географиялық ашулар дәуірінен кейін Еуразия арқылы өтетін құрлық жолдарының маңызы артады, аймақтың құрлық жолдарына бақылау жасау

үлкен артықшылық береді деп, кейін «Еуразия хартлэнді (Орталық Азия, Орал мен Сібірдің үлкен бөлігі) әлемдік саясатта үлкен орынға ие болады» деген тезиске айналған. Маккиндер ойлары кейіннен басқа геополитик Н. Спайкменмен зерттеліп, «Кім Римлэндті (еуразиялық континенттің периферийлік аймақтары) бақылауда ұстаса, сол Еуразияны басқарады, ал кімде-кім Еуразияны бақылауда ұстаса, ол бүкіл әлемді басқарады» деп тұжырымдаса, З. Бзежинский Орталық Азия аймағын өзінің Еуразия құрлығындағы стратегиялық маңызды орналасуының, бай табиғи ресурстарға ие болуының нәтижесінде, ұлы державалардың мүдделерінің қақтығысуына алып келетін «Еуразиялық Балқан» деп атаған. Сонымен қатар, терроризм сыбайласқан мемлекеттік шенеуніктер мен саясаткерлер көмегімен қолдау көрсетілетін, трансұлттық қылмыстық ұйымдардың кең қанат жаю процесінің ажыратылмайтын бөлігі де болып табылады. Ағылшын ғылымдарының жұмыстарында кең танылған «Жаһандық трансформацияда» былай деп көрсетіледі: «Халықаралық ұйымдардың теріс формалары да бар, әсіресе, есіртке саудасымен байланысқан террористік және қылмыстық құрылымдар (қазіргі уақытта, сарапшылар бағалауына сәйкес оның жылдық айналымы 300 млрд доллардан жоғары). Олармен күрес барлық әлемнің биліктері мен полиция қызметкерлері үшін маңызды және қиын шешілетін тапсырма болуда». Сөйтіп терроризм себептері әртүлі жағдайларда, әртүрлі мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін [3]. Жалпы Орталық Азия мемлекеттеріндегі кейбір шабуылдар мен олардың себептерін келесідей анықтауға болады: Қырғызстан 2010 жылдан бастап аймақта қарулы шабуылдар жиілей бастады. 2010 жылдың маусымында Ферғана даласының Ош және Джалал-Абад қалаларында этникалық өзбектер мен қырғыздар арасында шиеленіс болды. Американдық Statfor зерттеуші ұйымының жазуынша Қырғыз билігі экстремисттерді іздеу сылтауымен өзбектер көп шоғырланған аймақтарда бірнеше рейдтер өткізді. Шын мәнінде бұл рейдтер этникалық өзбектерге қарсы бағытталған болатын. Сөйтіп, қырғыз билігі діни экстремизм туралы айтқанда, мәселе шын мәнінде ішкі этникалық және саяси проблемалар туралы болуы мүмкін. Тәжікстан Тәжікстанда азаматтық соғыстан кейін кейбір исламдық қозғалыстардың болулары билікке қолайлы, ал кейбір жағдайларда қолайсыз болды. Тәжікстанның исламдық қайта жаңғару партиясы билікке және қауіпсіздік қызметтеріне алынды, Өзбекстанның Исламдық қозғалысы тұншықтырылып, ал олардың мүшелері түрмелерге отырғызылды. 2010 жылы, 10 жылдық тыныштықтан кейін, Душанбеде төтенше уақиға болды – Өзбекстан Исламдық қозғалысының 24 сотталғандары түрмеден қашып, Шығыс Тәжікстанның Рашт даласын- да жасырынды. Бұл жағдай тәжік билігі исламдық экстремисттерді кінәлаған, 374 тәжік әскерилеріне қарсы шабуылға алып келді. Алайда американдық Statfor зерттеуші ұйымының жазуынша, азаматтық соғыстан бері исламдық экстремисттер исламдық ұйымдардан қарағанда, елдің оппозициясына жақынырақ болды. Олардың шығысқа қашулары мынаны: шығыс облыстары билікке келген батыс облыстарына қарсы болғанын көрсетеді. Түрмеден қашу исламдық қозғалыстың өршуін емес, Тәжікстанда кландар арасында саяси күрестің қайта жаңғыруын білдіруі мүмкін[4].

Өзбекстан Өзбекстанда 2011 жылы аздаған стратегиялық маңызға ие жер, Тәжікстанмен шекарадағы темір жолда жарылыс болды. Билік оны терроризм деп атады, алайда көптеген аналитиктер Тәжікстанға тауар жеткізуді тоқтату үшін, өзбек билігі жа-рылысты жасанды жасады деген болжамға келді. Соңғы кездері Өзбекстан мен Түркіменстанда шабуылдар саны азайды. Аналитиктер пікірлерінше, бұл ел билігінің исламдық радикализмді өз мақсаттарына қолдану қажеттілігін әзірге көрмей тұрғанын білдіреді [5]. Қазақстан Қазақстан Ферғана даласынан әлдеқайда алысырақ жатыр, және халықы Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда азырақ діниленген ел. Алайда Қазақстанда 2011 жылдары біраз діни тұрғыдағы шабуылдар болды. Бірақ олар бірден басылып, кінәлілер ұсталып немесе жойылды. Ел территориясы терроризм мен экстремистік бағыттағы діни ұйымдардан тазартылды. Жалпы Қазақстанда терроризммен күрес, оны алдын ала алу шаралары жалғасуда. Терроризм біздің бейбіт халқымыздың психологиясы мен дініне сай емес. Ол Қазақстан мұсылмандары ұстанатын ханафи мазхабына қарама-қайшы болып табылатынын елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та атап өткен болатын. Сонымен қатар, көшбасшымыз Қазақстандағы экстремизм мен терроризмде идеялық емес, қылмыстық негізде. Ол ұйымдардың мақсаты қоғамның негізін күл-талқан ету, елдің бейбітшілік пен тұрақтылығына шабуыл екенін атап өткен болатын. Осылайша елбасы Н.Назарбаев Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, Діни экстремизм және терроризммен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама дайындауды тапсырды. Президент дін мәселесінде ұйымдастырылған, әбден ойласытырылған қадам және мұқияттылық қажеттілігін айтуда[6]. Қазақстанда барлық халықаралық террористік ұйымдардың қызметіне тыйым салынған. Қазіргі таңда Қазақстан ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы Терроризмге қарсы аймақтық құрылымы сияқты ұйымдардың мүшесі, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес желісінде халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытқан және әлі де дамытуын жалғастыруда. Сонымен қатар, Қазақстан жастары арасында әртүрлі ақпараттық шаралар өткізілуде. Терроризм мен діни экстремизмнің қауіпі туралы түсіндіріп, таза діннен алдамыш бағыттарды айыра білуге, жастардың дін туралы сауаттылықтарын жоғарлатуға бағытталған әртүрлі жастарға пайдалы шаралар қолға алынуда. Жалпы қазіргі таңда Қазақстанда ешқандай күшті террористік ұйымдар жоқ. Бұрындары қызметін жүзеге асырмақшы болған ұйымдар елден қуылып, ұсталып немесе қызметі жойылған. Бұдан Қазақстанда терроризммен күрес қолға мықты 375 алынғанын байқауға болады. Жалпы Исламдық топтар Орталық Азияның кейбір басқа елдерінде әрине бар, бірақ күшті ойыншылары жойылған немесе ауған-пәкістан шекарасына ысырылған деген айғақтар бар. Мәселен, 4-тамызда Пакистанда Өзбекстан Исламдық қозғалысының көшбасшысы Абу Усман Адиль өлтірілді деген ақпарат таратылды [7]. Жалпы терроризмнің ерекше жаһандық проблемасы бар - ол оның қиын болжамдылығы болып табылады. Көп жағдайларда психикалық арсы-күрсі мінезі бар адамдар, аса ызакор саясаткерлер немесе материалды халжағдайы өте нашар, білім сауаттылығы төмен адамдар терроризм

субъектілеріне айналады. Сонымен, терроризм халықаралық аренада және халықаралық қатынастарда көбінде басқа әдістермен қол жеткізу мүмкін болмай тұрған жағдайларда, өз мақсаттарына қол жеткізу әдісі ретінде қарастырылуда. Сөйтіп, қазіргі заманғы жағдайларда террористік қызмет формалары күрделі болып, олар жалпы адамзат құндылықтарымен және әлемдік даму логикасымен үлкен қарама-қайшылыққа түсуде. Осылайша, терроризм проблемасы әлемдік қауымдастыққа шынайы қауіп төндіруде. Өзін басқа жалпы адами қиындықтардан ерекшелейтін, өзінің жеке ерекшелігіне ие. Сонымен қатар, терроризм проблемасы қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың көптеген жаһандық проблемаларымен тығыз байланысты. Соңғы террористік әрекеттер, бәрінен бұрын 2001 жылдың 11-қыркүйегіндегі Нью-Йорк қаласындағы трагедиялық оқиға, өзінің масштабы мен әлемдік саясатқа әрі қарайғы әсер ету көлемі бойынша адамзат тарихындағы бұрын сонды болмаған жағдайға айналды. ХХІ ғасырдың басында болған терактілерден зардап шеккендердің саны, бүліншіліктің өлшемі мен сипаты қарулы шиеленістер мен жергілікті соғыстардың зардаптарымен бірдей болып шықты. [8]. Сонымен, қазіргі таңда Орталық Азияның кейбір аймақтарындағы терроризмнің проблемалары тек дербес феномен ретінде ғана қарастырыла алмайды. Ол шешімінен адамзат өркениетінің әрі қарайғы өмір сүруі тәуелді болатын, соғыс және бейбітшілік фундаментальді мәселелерімен байланысқан, жалпы әскери-саяси жаһандық проблемалардың негізгі маңызды құрамдас бөлігі. Сондықтан бұл жауыздыққа қарсы күресте әрбір саяси билік қоғамның қауіпсіздігін бірінші орынға қойып, біріккен өзара қимылдарды күшейтіп, ішкі және сыртқы қауіптерді жоюды жалғастыра беруі қажет.

Негізгі әдебиет: 7, 9, 10, 13.

Қосымша әдебиет: 14, 15, 16, 18, 19.

5-ші тақырып. Ақпараттық қауіпсіздік және терроризмге қарсы шараларды іске асыру үрдісі бағытындағы ПО-ның БАҚ-пен өзара әрекет мәселелері.

Дәріс – 1сағат

Дәрістің жоспары (1 сағат):

1. Ақпараттық қауіпсіздік – ұлттық және қоғамдық қауіпсіздіктің факторы ретінде.
2. Медиялық айлалы әрекет (манипуляция) және БАҚ-тың идеологиялық мүмкіндіктері. Ақпараттық қауіпсіздіктің қауіпті белгілері.
3. БАҚ және мемлекеттердің өзара қарым-қатынасының нормативтік шектері және ПО-ның БАҚ-пен өзара әрекет мәселелері.

Мемлекет және азаматтық қоғам: Қазақстандағы демократиялық дамудың тенденциялары. Саяси мәдениет құрылу ерекшеліктерімен қоғамдық сананың саяси белгілерінің күшеюі. Қазақстандық патриотизм лаңкестікке қарсы шаралардың бірі ретінде. Діни сананың өсу ерекшеліктері. Н.Назарбаевтың Қазақстандағы демократиялық институттарының дамуына арналған

бастамалары. Ақпарат құралдарының лаңкестікке қарсы күрестегі рөлі. Саяси мәдениет, оның түрлері. Қазақстан мен Орта Азия елдерінің лаңкестікке қарсы күрестегі рөлі. Өңірлік конвенцияларымен құқық нормалары /Шанхай декларациясы, Шанхай конвенциясы, Қырғызстанда орналасқан лаңкестікке қарсы орталықтың бастамалары және басқалары/.

Әлемдегі барлық мемлекеттер халықаралық терроризм және экстремизм қылмыстарымен кездеспеген мемлекет қалмаған болар. Өкінішке орай, Қазақстан Республикасы да бұл қылмыстармен жиі кездесіп келеді. Соңғы кезде елімізде болған жағдайларды талдай келе террористік және экстремистік топтардың белсенділігі артқанын байқауға болады. Олардың басты мақсаты мемлекеттің территориалды тұтастығы мен конституциялық құрылымын бұзу.

Терроризм және экстремизм қылмыстарымен күресу мәселесі Елбасынан бастап барлық лауазымды тұлғалармен ескеріліп келуде.

2012 жылы 12 шілдеде терроризм мен экстремизмге қарсы күрес сұрақтары бойынша өткен жиналыста Елбасы Н. Назарбаев террористік және экстремистік сипаттағы қауіптің жолын кесу, террористік әрекеттерге қарсы жедел іздестіру қызметін жүргізу барысында жіберілген қателіктерді жою, мемлекеттік органдарды координациялау механизмін жетілдіруді қарастыру мәселелеріне тоқталып өтті [1]. Террористік сипаттағы қылмыстар мен терроризмді тойтару, ашу, тергеу көп аса Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құзыретіне тиесілі болғанымен де оны жүзеге асыруда ішкі істер органдары елеулі рөлге ие. Бұл терроризм орын алғаны туралы барлық хабарламалар, ең алдымен, ІІО территориалды кезекші бөлімдеріне келіп түсуімен шартталады. Хабар түскеннен кейін арнайы мамандардың оқиға болған жерге келіп жеткенге дейін ІІО қызметкерлері уақыт оздырмай алғашқы тергеу әрекеттерін жүргізуге міндетті болып келеді.

Терроризмге қарсы күресуге қатысты ІІО қызметін реттейтін құқықтық нормативтік актілерді саралау барысында ішкі істер органдары қызметінің негізгі мақсаттары мен оны неғұрлым тиімді атқаруға мүмкіндік беретін қызметтерді айқындалды. Біздің ойымызша, негізгі әрекеттер қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- террористік бағыттағы құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу;
- оларды жедел тойтару;
- мұндай әрекеттерді жедел-іздестірушілік қамтамасыз ету;
- құқыққа қайшы әрекеттерді ұйымдастырулар мен орындаушыларды анықтау;
- аса маңызды объектілерді қорғауды күшейту;
- террористік сипаттағы қылмыстардың жетілуіне ықпал ететін себептер мен жағдайларды өз құзыреті шегінде анықтау;
- терроризмге қарсы әрекет ететін субъектілер мен ІІО қызметі арасында өзара байланыс ұйымдастыру;
- террористік сипаттағы қылмыстардың алдын алу іс-шаралары мен жағдайы бойынша халықты және бұқаралық ақпарат құралдарын ақпараттандыру;

- ПО қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру: террористік сипаттағы қылмыстармен күресу бойынша тиімді тәжірибені зерттеу, біріктіру және жариялау;

- материалды-техникалық және тылдық қамтамасыз ету.

Осының негізінде ішкі істер органдарының барлық қызметі бір нысанда террористік сипаттағы қылмыстардың алдын алуға жұмылдырылады.

Экстремизммен күрес Басқармасының қызметкерлері алдын алу шаралары бойынша өз құзреті шегінде көптеген жұмыс жүргізуде. Яғни террористік ұйымдар мен топтар бойынша ақпараттар алу және пайдалану; террористік топтардың орныққан мекендерін жедел-ізвестіру шаралары арқылы анықтау және алынған ақпараттарды жүзеге асыру; тергеу мен соттан бой тасалаған террористерге және террористік сипаттағы қылмысты жасауға дайындалуда деген ақпарат бар тұлғаларға іздеу жариялау.

Тергеу және анықтау қызметтері орын алған террорлық акт бойынша анықтау және алдын ала тергеу жүргізеді. Алдын ала тергеу барысында тергеу әрекеттерін жүзеге асыруда процеске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен іс жүргізу қағидаларының бұзылмауын қамтамасыз етеді.

Маман криминалистерге оқиға орнынан алынған және сезікті мен айыпталушыдан табылған дәлелдемелерге зерттеу жүргізу жүктелген. Дәлелдемелерді зерттеуде алынған дәлелдемелік ақпараттың (мәліметтің) криминалистік маңызы мен сапасы анықталады. Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті зерттелуге жатады. Дәлелдемелерді талдау, оны басқа да дәлелдемелермен салыстыру, қосымша дәлелдемелер жинау мен зерттеу жүргізіледі [2].

Маманның зерттеу қызметінің нәтижелері негізінен жаңа хабарларын ұсыну мен тексеру, бұдан арғы іс жүргізушілік әрекеттерін жоспарлау мен өткізу үшін қолданылады.

Жол полиция қызметкерлері террористік ұйымдар мен топтар құрамында болуын анықтау мақсатында жүргізушілер мен жолаушылардың құжаттарын тексереді. Оған қоса қару-жарақтарды, жарылғыш құралдарды, тұтандырғыштарды, химиялық және тез әсер ететін улы заттарды, бактериологиялық, психотроптық және есірткі заттарын заңсыз тасымалын анықтаумен жолын кесу мақсатында да тексеру жүргізеді.

Учаскелік инспекторлардың қоғамдық тәртіпті сақтауда қоғам ішінде кеңімен жүргізетін алдын алу шаралары террористік сипаттағы ұйымдар мен топтардың және оның мүшелерінің еркін қозғалысына кедергі келтіріп, олардың қылмыстық ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Көшіқон полициясының қызметкерлері террористік сипаттағы қылмысты жасауға дайындалып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мекенжайын, тіркеу есебінің тәртібін бұзған тұлғаларды, қақтығыс аумағынан келген, террористік сипаттағы қылмыстарды жасауы мүмкін деген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы территориясында болуын тексереді.

ПО пресс-орталық қызметкерлерінің міндеті-террористік актілерді тойтару бойынша арнайы шараларды жемісті орындауға кедергі келтіретін ақпараттардың БАҚ түсуіне жол бермеу.

Кез келген тәжірибелік қызметтегідей ПО қызметкерлерімен терроризммен тиімді қарсы күресу көптеген факторларға және ең алдымен, террористік әрекеттің алдын алу қызметін ұйымдастырумен тікелей байланысты. Мұндай ұйымдастырушылық террористік әрекетке қарсы қызметті ақпаратпен қамтамасыздандыруды, криминалогиялық жоспарлау мен болжауды, өзара әрекеттесуді және координациялауды жорамалдайды.

Террорға қарсы күрес субъектілерімен қатар ішкі істер органдары да терроризмге қарсы күрес бағдарламаларының орындалуына жауапты болғандықтан, тиісті жауапкершілік берілген аумақта әрекет етуші немесе әрекет етуі мүмкін террорлық қауіп пен әрбір террористік топқа қатысты толық ақпаратты қажет етеді.

Террористік топтар туралы тыңшылық ақпарат пен мәлімет жинау өте қиын және маңызды болып келеді. Терроризмге қарсы күрес шараларын жоспарлаумен айналысатын тұлғалар кез келген мүмкіндікті пайдаланып террористік топтардың тарихы, саяси мақсаттары, халық арасында ие болған қолдауы, қару-жарақты, жарылғыш заттарды, ақша және өзге де ресурстарды алу көздері, олардың көлемі, соққыға ұшырауы мүмкін объектілер, қауіпті әрекеттің тікелей тактикасы, қолдануға қол жетімді құралдары, қару және жарылғыш заттар туралы ақпараттар алуы қажет.

Қарастырылып отырған мәселеде ПО алдын алу қызметінде ақпаратпен қамтамасыз етілуі елеулі мәнге ие. Нақтырақ айтар болсақ:

- террористік және экстремистік әрекетке қатысты немесе бұрын қатысты болған тұлғалардың қылмыстық тәртібі мен құқыққа қайшы әрекеттері туралы;
- мұндай тұлғалардың экстремистік қылмысты немесе өзге де құқыққа қайшы тәртібі шартталған жағдайлар туралы;
- олардың жеке-психологиялық ерекшеліктері туралы;
- қылмыстық дағдылары туралы;
- террористер мен экстремистердің араласу саласы және әлеуметтік рөлдері туралы;
- жағымды әрекет етуі мүмкін қайнар көздері туралы.

Терроризмге қарсы күрес шараларының кешенін ақпараттық қамтамасыз ету келесілерді қарастыруы қажет:

